

## БЕКІТЕМІН

Жамбыл облысы көзі көрмейтін  
және әлсіз көретін азаматтар  
кітапханасының директоры

Ж.Алшинбаева Жаныбай

«01» Темес 2021 ж.

## «Отбасы бақыт мекенім» атты облыстық отбасылық байқаудың ЕРЕЖЕСІ

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы КР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халықаралық отбасы күніне орай 2021 жылы 9 қыркүйекте мүмкіндігі шектеулі азаматтардың отбасылары арасында «Отбасы бақыт мекенім» атты облыстық отбасылық байқауын өткізеді.

Байқауға кітапхананың тұралықтық оқырмандары, «Қазақ соқырлар қоғамы» мүшегелері, аудандық кітапханалардың көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған бөлімдерінің отбасылық оқырмандары катысады.

### Сайыстың мақсаты мен міндеті

- ✓ Рухани ойлауы терен, мәдениетті, парасатты, ар - ожданы таза, енбеккор үрпакты тәрбиелеу, шығармашылық кабілеттерін ашуға мүмкіндік беру;
- ✓ Мүмкіндігі шектеулі отбасының жағымды имиджін қалыптастыру, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді насиҳаттауды дамыту;
- ✓ Ата - ана мен бала арасындағы сыйластықты, ауыз біршілікті, жауаптылықты, үйимдастыруыштылықты қалыптастыру;
- ✓ Кітапханага оқырмандарды тарту;
- ✓ Отбасылық құндылықтарды насиҳаттайтын викториналық сұраптар кою арқылы білімдерін шындау;

### Сайысты өткізу тәртібі мен шарттары

- Сайысқа облыс көлеміндегі барлық топтағы көз мүгедектері катыса алады;

- Қатысушылардың жас мөлшеріне шектеу қойылмайды.
- Келіп –кету шығыны қатысушы жақтан.

Сайыс 4 кезең бойынша өтеді:

- ✓ «**Бұл -менің отбасым**» - таныстыру /отбасылық табыстар мен жетістіктерін шығармашылық тәсілді пайдалана отырып ашық таныстыру/;
- ✓ «**Өнерлі отбасы**» /отбасылық өнер байқауы- ән, би, қойылым/;
- ✓ «**Кітап - білім бұлағы**» /отбасылық құндылықтар туралы викториналық сұраптар/
- ✓ «**Үй тапсырмасы**» /қол өнер - ағаштан, темірден, ою-өрнектер, құраптар, бисерден жасалған бүйімдар/;

#### **Бағалау критерийлері:**

- Орындаушылық шеберлігі;
- Сахна мәдениеті мен киім үлгісі;
- Ереже талаптары мен тақырыптарына сәйкестігі;
- Әр кезең 5-10 балл аралығында есептеледі.

#### **Сайысқа қатысу тәртібі:**

2021 жылдың 20-30 тамыз аралығында Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының (байланыс тел: 45-49-27, 87779329357) электронды поштасына ([obn.zhambyl.kz@mail.ru](mailto:obn.zhambyl.kz@mail.ru)) қатысушы отбасы туралы толық мәлімет (отбасы мүшелерінің толық аты – жөні, қатысатын адам саны, «**Өнерлі отбасы**» кезеңі бойынша көрсететін өнерін) ұсыну кажет:

#### **Марапаттау**

- Қатысушылар I – III жүлделі орындар мен номинациялар («Ең үлгілі отбасы», «Өнерлі отбасы», «Ізденімпаз отбасы» ) бойынша марапатталады;
- Сайыс женімпаздары мен жүлдегерлері бағалы сыйлықтар және дипломлар, алғыс хаттармән марапатталады.